



2022-2023 оқу жылындағы Бастау ауылының №2 жалпы орта білім беретін мектебінің ІШКІ ТӘРТІБІ

1. Жалпы түрі

Сабақтың басталуы – 8 сағат 30 минут

Сабақтың жүргізілуі – 45 минут

3 және 4 сабақтан кейін үзіліс – 15 минут

Сабақтың аяқталуы – 14 сағат 45 минут

Спорттық секциялар – кесте бойынша сағат 17-00 ден 19-00ге дейін

Факультатив сабақтар – кесте бойынша сағат 16-00 ден 18-00ге дейін

Сынып сағаты – дүйсенбі

Тазалық күні – бейсенбі

Пед. кеңестер – жоспар бойынша тоқсан сайын 1 рет дүйсенбі 4 апта

Директор жанындағы отырыс – жоспар бойынша 2 айда 1 рет дүйсенбі 4 апта

Әдістемелік бірлестік мәжілісі – жоспар бойынша 2 айда 1 рет сәрсенбі 4 апта

Ата-аналар комитетінің мәжілісі – жоспар бойынша айына 1 рет бейсенбі 1 апта

Жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы – жоспар бойынша жарты жылдықта 1 рет қашықтықтан

Сыныптық ата-аналар жиналысы жоспар бойынша тоқсан сайын 1 рет қашықтықтан

Кәсіподақ жиналысы жоспар бойынша жарты жылдықта 1 рет

Спартакиадалар өткізу жоспар бойынша жылына 1 рет

Сынып кабинеттерінің байқауы жоспар бойынша жылына 4 рет / I, II жарты жылдықта/

Мұғалімдерге сабақ үстінде ұялы телефон пайдалануға тыйым салынады.

2. Мектеп оқушыларының киетін киімі

Ер бала: ашық түсті көйлек, көк түсті пиджак, шалбар

Қыз бала: көк түсті форма, көк, қара фартук (салтанатты іс-шараларда ақ фартук)

Күзгі және көктемдегі уақытта ауыстыратын /екінші/ аяқ киім болуы тиіс.

Оқушылардың спорт киімі: футболка, трико және кроссовка.

Әр оқушы бетперде киеді.

3. Мұғалімдердің киетін киімі

Классика түрінде көк түсті пиджак, юбка, ашық түсті кофта, бетперде, қолғап.

4. Мектеп тазалаушысының киетін киімі

Тазалаушыға арналған үлгі бойынша киім, бетперде, қолғап.

5. Аспазшылардың киетін киімі

Бетперде, қолғап, ақ халат, қалпақ немесе ақ орамал, екінші аяқ киім

6. Мектеп аумағында бөгде адамдардың болу ережесі

1. Бұл ережелер білім беру процесіне қатысушылардың қауіпсіздігін және мектеп ғимаратында және оның аумағында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге арналған.
2. Білім беру процесінің қатысушылары болып табылмайтын адамдар бөгде адамдар болып табылады. Мектептегі білім беру процесіне қатысушыларға: барлық сынып оқушылары және олардың ата-аналары (заңды өкілдері), мектеп әкімшілігі мен мұғалімдері, көмекші персонал және мектеп штатында тұратын өзге де адамдар жатады.
3. Ережелер білім беру процесінің қатысушысы болып табылмайтын барлық адамдар үшін міндетті.
4. Ереже мектептің барлық үй-жайлары мен оның аумағына қолданылады.
5. Білім беру процесіне қатысушылар болып табылмайтын адамдардың мектепте болуына жеке куәлігін міндетті түрде көрсетіп және вахтада келушілерді журналға тіркей отырып жол беріледі.
6. Бөгде адамдардың көлік құралдарын орналастыруға немесе олардың мектеп аумағы арқылы өтуіне тыйым салынады.
7. Темекі шегуге және спирттік ішімдіктерді, есірткі заттарын қолдануға, қоғамдық тәртіп пен қолайлылықты бұзуға тыйым салынады. Мектепте қару қолдануға тыйым салынады, мұндай адамдар мектептен немесе оның аумағынан кетуге міндетті.
8. Сырттай іс-шаралар кезінде әкімшіліктің рұқсатымен және осы Ережелердің 7-тармағын орындау кезінде рұқсат етіледі. Мектеп әкімшілігінің бірінші талабы бойынша мұндай адамдар мектептен немесе оның аумағынан кетуге міндетті.
9. Мектептің әрбір қызметкері 6 және 7 тармақтарды бұзған мектептегі және оның аумағынан тыс барлық бөтен адамдар туралы. Ереже мектеп директорына шара қолдану үшін хабарлауға міндетті.
10. Мектептің кез-келген қызметкері білім беру процесіне қатыспайтын кез-келген адамнан оның мектепте немесе оның аумағында болуын түсіндіруге құқылы. Қызметкерлер бөтен адамдарға осы ережелерді түсіндіре алады.
11. Қылмыстар немесе құқық бұзушылықтар анықталған кезде мектеп персоналы мүмкіндігінше олардың жолын кеседі (учаскелік полиция қызметкерін шақырады). Мектеп әкімшілігін хабардар етеді немесе бұл туралы Ішкі істер органдарына телефон арқылы хабарлайды.
12. Оқ ататын, суық, жарылғыш, лақтыратын, газды қарулары бар бөгде адамдардың мектеп үй - жайларында және оның аумағында болуына жол берілмейді.
13. Мектептің үй-жайларында және аумағында жүрген барлық бөгде адамдар (осы Ережеге толық сәйкес) мектепте қолданылатын нормативтік актілердің барлық талаптарын орындауға міндетті.

БЕКІТЕМІН:
Мектеп директорының м.а.
Харахыз Б.



2022-2023 оқу жылындағы Бастау ауылының №2 жалпы орта білім беретін мектебінің оқушыларына арналған ережелері

Мектепте оқу-тәрбие үрдісінде жағымды жағдай жасау, мектеп маңы мен мектеп өмірінде оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау, адами құндылықтарды сыйлауға, қоғамда өздерін таныта білуге дағдыландыратын мектеп оқушыларының тәртібі.

ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Жалпы ереже

1.1. Мектепте оқушылар өзара және үлкендер арасында рухани – адамгершілік нормаларын сақтайды. Адал әрі өзінің және өзгенің ар-ождан қағидаларын биік ұстайды.

1.2. Оқушылар:

Оқушы мектепке мектеп үлгісімен (формасымен):

Ер бала: ашық түсті көйлек, көк түсті пиджак, шалбар

Қыз бала: көк түсті форма,көк, кара фартук (салтанатты іс-шараларда ақ фартук),

Күзгі және көктемдегі уақытта ауыстыратын / екінші/ аяқ киім болуы тиіс.

Оқушылардың спорт киімі: футболка, трико және кроссовки.

Үлкендерге құрметпен карауға;

Көмек керек кезінде кішілерге, мүгедек-кемтарларға көмек көрсетуге;

Мектеп мүлкін өз мүлкіндей сақтап, күтуге, баска да адамдармен қоғамдық меншіктерді көздің карашығындай сақтауға;

Мұғалімдердің және баска да мектеп қызметкерлерінің айтқанын бұлжытпай орындауға;

Ынталы оқуға, шығармашылықпен жұмыс істеуге және білімді табандылықпен меңгеруге;

Сабақтан қалмауға, сабаққа және баска да іс-шараларға кешікпей, уақтылы келуге;

Мектеп ережелерімен талаптарын (мектеп әкімшілігінің, мұғалімдердің, сынып жетекшілері мен оқушылар ұйымының) орындауға;

Мектептің қоғамдық және мәдени өміріне белсене қатысуға;

Өзінің мәдени деңгейін әрқашан көтеріп отыруға, өз бойында жақсы эстетикалық талғам мен әдептерді қалыптастыруға;

Жаман әдеттерден: темекі шегу, жаман сөз айту, қыдыру, сырақтық т.б. аулақ болуға, оны болдырмауға;

Жеке бас гигиенасын сақтауға, пенесін шындықтыруға, мектепте және баска да қоғамдық орындарда тәртіп пен тазалықты сақтауға;

Ұжымда достық қарым-қатынас орнатуға, бірін –бірі құрметтеуге, бір-бірінің абыройы мен намысын қорғауға;

Табиғатқа (өсімдік, жан-жануарлар т.б.) нұқсан келтірмей, шаққор болуға.

МІНДЕТТІ

1.3. Оқушылар мұғалімдерді, өзінен жасы үлкен адамдарды «Сіз» деп атайды.

1.4. Оқушылар үлкенге жол береді. Жоғары сынып оқушылары төменгі сынып оқушыларына, ер балалар қыз балаларға жол берулері тиіс.

1.5. Өзара түсініспеушілік жағдай болғанда ешқашан күш қолдануға, жаман сөздермен балағаттауға болмайды.

1.6. Оқушыларға

Сабак уақытында мектептен және мектеп маңынан мұғалімдердің, мектеп әкімшілік мүшелерінің, сынып жетекшілерінің рұқсатынсыз кетпеуге;

Сыныптан тыс және спорттық, мәдени көпшілік іс-шараларды өз бетінше тастап кетуге;

Мектепке және мектеп маңына қару, өртке қауіпті жарылғыш, жаңғыш сұйықтық, газ балонын, темекі, спирттік ішімдіктер, есірткі, адамды жындандыратын, естен тандыратын, қанын қыздыратын құралдар, сонымен бірге улы және токсиндік заттар әкелуге;

Мектеп маңы мен мектепте шылым шегуге;

Ұялы телефон әкелуге, сабак үстінде, үзіліс уақытында ұялы телефонды пайдалануға.

ҚАТАҢ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ

1.7. Мектеп оқушыларының

- Терезе алдында, жәшіктерге (шкафтарға) және басқа заттарға, шатырға мінуі;
- Электр жүйелерін, қосып-айыратын нүктелі жәшіктерді ашуы;
- Мектеп мүлкінің, басқыш сатының ұшты бұрыштарына отыруы, асылып тұруы, басқаларды итеруі;
- Шаруашылық заттар қоймасына кіруі;

Өмірі мен денсаулығына қауіпті болғандықтан қатаң тыйым салынады.

2. Мектепке сабақ басталғанға дейін

2.1. Оқушылар мектепте сабақтың басталуына 30 минут қалғанда мектеп үлгісінде таза, ұқыпты киініп келеді. Төменгі сынып оқушылары сабақтың басталуына 20 минут қалғанда келеді.

2.2. Мектепке кіргеннен соң сырт киімдерін шешіп, шаштарын, киімдерін ретке келтіріп, сынып бөлмесіне барады. Сабаққа керек оқу-құралдарын парта үстіне шығарып, дайын отырады.

3. Сабақ үстінде

3.1. Сынып бөлмесіне мұғалім кіргенде оқушылар орнынан тұрады. Сәлемдескеннен кейін мұғалімнің рұқсатымен орындарына отырады. Сонымен қатар сабақ үстінде сынып бөлмесіне кірген жасы үлкен адамға оқушылар орнынан тұрып сәлемдеседі. Мұғалім немесе басқа да жасы үлкен адам сынып бөлмесінен шыққанда да оқушылар орнынан тұрады.

3.2. Сабақ үстінде сабақтың тәртіп ережелерін сол сабақтың пән мұғалімі белгілейді.

3.3. Сабақ үстінде шулауға, өз бетінше қозғалуға, басқа оқушыларды алаңдатуға, әңгіме айтуға, сабаққа қатысы жоқ басқа іс- әрекеттермен шұғылдануға, ойын ойнауға болмайды.

3.4. Егер оқушы бір нәрсе айтқысы келсе, жауап бергісі келсе, сұрақ қойғысы келсе қол көтереді. Тек мұғалімнің рұқсатынан кейін ғана орындай алады. Мұғалім басқа тәртіп орнатуы мүмкін.

3.5. Қоңырау – мұғалімге сабақтың біткендігін хабарлайтын құрал. Қоңырау сабақ уақытын дәл есептейді.

3.6. Егер оқушы денсаулығына байланысты сабақтан қалса, сынып жетекшісіне дәрігерлік анықтама немесе өте қиын жағдайда ата-анадан мәлімдеме қағаз әкеледі. Сабақтан дәлелсіз қалуға, сабақтан кешігуге болмайды.

4. Үзілісте және сабақ аяқталғаннан кейін

4.1. Үзілісте оқушылар

- Өздерінің отыратын, жұмыс істейтін орындарын ретке келтіруге;
- Сынып бөлмесінен шығуға;
- Кезекші мұғалім мен кезекші оқушылардың және мектеп қызметкерлерінің талаптарын орындауға.

4.2. Үзілісте

- Сатымен және дәлізде, сынып бөлмесінде жүгіруге, ойнауға;
- Бір-бірімен алысуға, әр түрлі заттарды лақтыруға, дене күшін қолдануға;
- Айқайлауға, жаман сөздер айтуға, шулауға, басқа оқушылар мен мұғалімдердің демалуына кедергі келтіруге болмайды.

4.3. Асханада оқушылар

- Ыстық және сұйық тағамдарды тұтыну кезінде сақтық пен абайлаушылықты басты назарда ұстайды;
- Асханада дайындалған және үйден әкелінген барлық тағамдар мен шырындарды тек асханада ғана ішеді;
- Аспазшылар мен мұғалімдер қойған талаптарға бағынады;
- Тамақтану кезінде бір-бірімен сөйлеспейді, әңгімелеспейді;

Қорытынды ережесі

6.1. Көрсетілген ережелер мен мектеп Жарғысын бұзған оқушыларға мектеп Жарғысында қаралған тәртіп ережелерін үйрететін іс-шаралар өткізіледі. Мектеп Жарғысында атап көрсетілген талаптарды бұзған жағдайда оқушы мектептен аластатылуы (шығарылуы) мүмкін.

6.2. Осы ережелер мектепте өткізілетін барлық іс-шараларда жүзеге асырылады.